

Бекітемін:  
№9 «Әлия» балабақшасының  
директоры:  Купбосинова А.А.



**Мемлекеттік білім беру ұйымын  
дамытудың перспективалық жоспары**

**Бағдарлама атауы:** 2018-2022 жылдарға арналған балабақшаның білім беру тұжырымдамасы

**Бағдарламаны әзірлеуге арналған негіздеме:**

«Білім туралы» ҚР 2007 жылғы №319-ІІІ Заңы.

Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының Жарғысы

Білім беруді дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама.

**Мақсаты:**

1. Негізгі білім беру бағдарламаларын және жоспарларын Мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес жүзеге асыру;
2. Қазіргі заманғы білім берудің жаңа технологияларын әзірлеу және қолдану;
3. Тәрбиелеу-оқыту үрдісінде шығармашылық жағдай құру;
4. Тәрбиелеу-оқыту үрдісінде қарым-қатынасты жақсарту.

**Міндеттері:**

1. Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбиелеу-оқыту үрдісін жаңартудың көкейтесті мәселелеріне және ағымдағы жағдайына талдау жасау;
2. Отандық және әлемдік тәжірибелер негізінде балаларды тәрбиелеп, білім берудің мазмұнын, құрылымын жаңарту;
3. Балабақшаның материалдық-техникалық базасын нығайту;
4. Кадрлармен қамтамасыз ету;
5. Оқу үдерісінде ақпараттық-білім жүйесін енгізу;
6. Оқу-тәрбие үдерісінде интерактивтік технологияларды енгізу;
7. Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және нығайту;
8. Жүзеге асыру кезеңін анықтау;
9. Күтілетін нәтижелерді нақтылау;

**Іске асыру мерзімдерімен**

**қаржыландыру көздері:**

-Бағдарламаны қаржыландыру жергілікті бюджеттердің қаражаттары және Қазақстан Республикасының заңнамаларына тиым салынбаған басқа да көздер есебінен жүзеге асырылатын болады.

**Күтілетін нәтижелер:**

- балабақшаның оқу-тәрбие үдерісін сапалы жаңарту;
- оқу –тәрбие үдерісінде балалардың қажеттіліктерін қанағаттандыру;
- тәрбиеленушілердің өмірін қорғауды, денсаулығын сақтау мен нығайтуды, оларға салауатты өмір салтын қалыптастыруды қамтамасыз ететін жағдайлар жасау;
- балабақшаның материалды-техникалық базасын нығайту;
- балабақшаны ақпараттық техникамен және қазіргі оқу жабдықтарымен қамту деңгейін арттыру;
- балабақшаның тиімді дамуына жағдай жасау;
- педагогика кадрларының біліктігін арттыру.

## Кіріспе

Бағдарлама Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдаулары, ҚР Үкіметінің қаулылары, заңдары, білім және ғылым министрлігінің заңдары, білім беру мекемелерінің нормативті құқықтық құжаттары негізінде сәйкестендіріліп әзірленді. Бағдарлама балабақшаны дамытудың ғылыми-практикалық, әлеуметтік-педагогикалық жобалау нәтижесі болып табылатын нормативтік және басқару құжаты болып табылады. Бағдарлама балабақшаны дамытудың қазіргі жағдайындағы білім жүйесі, халықты әлеуметтік-педагогикалық қорғаудағы барлық қызметкерлерге мақсатты педагогикалық және басқару қызметі үшін келешекке жол ашады. Бағдарламаны жүзеге асыру барысында жоспарланған шараларға мониторинг жүргізіледі және қажет болған жағдайда тиісті түзетулер енгізіледі.

### **Балабақша туралы мәлімет, білім жүйесін, жай-күйін талдау.**

Балабақшаның толық атауы, - №9 «Әлия» балабақшасы  
мекен-жайы,- Ю.Гагарин,124  
телефоны- 21-22-45

Құрылған жылы -1970ж

Жобалық сиымдылығы -140

Қайта құрылған жылы.

Оқыту тілдері -қазақша

Топтар саны -6

Қалалық білім бөлімінің бекітілген штаты негізіндегі қызметкерлер - 47

Бағдарламалармен қамтамасыз етілуі.

Педагогтар саны -18

Білім деңгейі - орта



<p>бөлме жасақтау;</p> <p>2) пәндік-дамытушы ортаны ұйымдастыру;</p> <p>3) бағдарламаның барлық бөлімдері көрнекі, үлестірмелі құралдарды дайындау;</p> <p>4) балалардың қызығушылығына қарай үйірмелер ұйымдастыру;</p> <p>5) тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және нығайту, пәндік дамытушы ортаны ұйымдастыру мақсатында дене шынықтыру құралдарын алу;</p>	<p>Әдіскер, психолог, тәрбиеші лер Барлық тәрбиеші лер, әдіскер Әдіскер, Пән мамандары Директор, медбике, әдіскер</p> <p>Директор, педагогика лық ұжым</p>	<p>+</p> <p>+</p> <p>+</p> <p>+</p> <p>+</p> <p>+</p> <p>+</p> <p>+</p>	<p>+</p> <p>+</p> <p>+</p> <p>+</p> <p>+</p> <p>+</p> <p>+</p> <p>+</p>	<p>+</p> <p>+</p> <p>+</p> <p>+</p> <p>+</p> <p>+</p> <p>+</p> <p>+</p>	<p>+</p> <p>+</p> <p>+</p> <p>+</p> <p>+</p> <p>+</p> <p>+</p> <p>+</p>
<p><b>3. Ғылыми-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру</b></p> <p>1) Мектепке дейінгі тәрбие саласына қажетті кітапхананы жасақтау; жинақтау</p> <p>2) Мектепке дейінгі тәрбие бойынша ғылыми-әдістемелік жұмыстарды, іс тәжірибелерді зерттеу;</p> <p>3) Мектепке дейінгі мекемеде бала тұлғасын жан-жақты дамыту мақсатында қосымша пән мұғалімдерінің бірліктерін енгізу;</p> <p>4) педагогтардың кәсіби шеберліктерін шыңдау мақсатында түрлі бағыттағы білім жетілдіру курстарынан, тренингтерден өткізу;</p> <p>5) педагогтардың шығармашылық тақырыптарымен жұмыс жасауға әдістемелік көмек көрсету;</p>	<p>Директор, педагогика лық ұжым</p>	<p>+</p> <p>+</p> <p>+</p> <p>+</p> <p>+</p> <p>+</p> <p>+</p> <p>+</p>	<p>+</p> <p>+</p> <p>+</p> <p>+</p> <p>+</p> <p>+</p> <p>+</p> <p>+</p>	<p>+</p> <p>+</p> <p>+</p> <p>+</p> <p>+</p> <p>+</p> <p>+</p> <p>+</p>	<p>+</p> <p>+</p> <p>+</p> <p>+</p> <p>+</p> <p>+</p> <p>+</p> <p>+</p>

<p>6) озат іс тәжірибе зерттеу, жинақтау, тарату жұмыстары бойынша жүйелі жұмыс жүргізу;</p> <p>7) Баламалы бағдарламаларды зерттеу, іс тәжірибеге енгізу;</p> <p>8) Инновациялық бағыттар, жаңа технологиялар бойынша жұмыстарды зерттеп, іс тәжірибеде қолдану;</p>					+	+
<p><b>4.Ата-аналарға арналған кеңес беруді жүйелендіру жұмыстарын ұйымдастыру</b></p> <p>1) Мектеп жасына дейінгі балалардың жастарының ерекшелігі;</p> <p>2) Кіші жастағы балаларға білім беру және дамыту;</p> <p>3) Балаларды мектепке дайындау;</p> <p>4) білім үрдісіне қажетті ақпараттық технологиялармен, әдістемелік және дидактикалық материалдармен, дамыту бағдарламалармен толықтыру.</p>	Директор, әдіскер, психолог	+	+	+	+	+
<p><b>5.Балалардың денсаулығын сақтау, қорғау, шынықтыру, сауықтыру, дамыту</b></p> <p>1) Балалар ауруларының сараптамсын жүргізіп, айлық, тоқсандық, жылдық есептер жүргізу;</p> <p>2) Медициналық бөлмеге қажетті құралдарды алу, толықтыру;</p> <p>3) Дене шынықтыру, сауықтыру шараларын ұйымдастыру;</p> <p>4) Дене шынықтыру құралдарды алу;</p> <p>5) Жергілікті денсаулық ұйымдарымен бірлескен медициналық тексерулер өткізу;</p> <p>6) Денсаулық бұрыштарын ұйымдастыру.</p>	Директор, медбике, әдіскер	+	+	+	+	+

**Балабақшаның даму бағдарламасы жергілікті бюджеттен және республикалық бюджеттен қаржыландырылады**

Жылдар	Жергілікті	Республикалық трансферт	Барлығы
2018 ж	68331200		
2019ж	38989000	11150000	
2020 ж	50000000	4300000	
2021 ж	63000000	15103000	
2022ж	55000000	25000000	

**Бағдарламаның даму кезеңдері**

Мерзімі	Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
2018	Балабақша типтік үлгіде салынған балабақша. Жиһаздар балалардың жастарына қарай жинақталған. Оқу тәрбие үрдісі Мемлекеттік стандартқа сәйкес ұйымдастырылады. Табиғат әлемін жасақтауға жоспарлау. Ескі ғимаратқа жоспар бойыша жөндеу жұмыстарын жүргізілді.	Қажетті жиһаздардың (сүлгі ілгіштер, керуеттер, балалар үстелдері мен отырғыштары ескі болғандықтан жаңлануы қажет, электрпештері, жарочный шкаф қажет. Балабақша топтарына қажетті канцелярлық тауарларға, ойыншықтарға қаражаттың сұранысқа сай толық берілмеуі. Ауласы ойын жабдықтарымен жабдықталмаған. Балаларға қажетті ойыншықтармен қамтамасыз етілмеген.
2019 ж	Әдістемелік кабинетке қажетті сканер, ламинатор, түптеу аппараты, компьютерлер, фотокамера, видео камера, мультимедиа проекторымен қамтамасыз етілді. Асханаға мұздатқыш-тоңазытқыш алынды. Балабақшаның сыртқы келбетін, дәліздер безелендірілді. Баланың қызығушылығын мен бейімділігін жүзеге асыру мақсатында ағылшын тілі, хореография үйірмелері жұмыс жасауға мүмкіндік туғызу.	Арнайы денешынықтыру, спорттық құралдардың аздығы. Жергілікті бюджеттен бөлінген қаражатқа барлық топтарға ойыншыққа арналған шкафтар, табиғат бұрышы, кітап бұрыштары алу.

2020 ж	Музыка залына отырғыштар, көрнекілікке қажетті шкаф алу. Саз бөлмесіне арнайы құралдар, арнайы шкафтар алу, толықтыру. Жапсаржай ғимаратының балаларға арналған ойын алаңдарын жөндеу, ойын-құрал жабдықтарын ауыстыру.	Топтардағы балалардың санына қарай керуеттердің жетіспеуі. Қажетті көрнекі құралдарға қаражаттың толық бөлінбеуі. Ойыншықтардың, үстел үсті ойындарының аздығы.
2021 ж	Жаңа технологияларды енгізу мақсатында балабақшаға интерактивтік тақта алу. Медициналық бөлме қажетті құралдармен толықтыру. Екі қабатты керуеттер, балаларға арналған жұмсақ жихаздар, музыкалық аспаптар алынуға жоспарлану. Сантехникалық құралдар толықтай жаңартуды. Балабақша ауласында спорттық алаң орнатылды.	Мемлекеттік бюджет көбінесе балабақшаны қаржыландырудың бірден-бір көзі болып табылады, сондықтан ойын жабдықтармен, көрнекті құралдарымен, оқытудың техникалық және ақпараттық баяу шешілуі бюджеттен қаражаттың бөлінбеуі.
2022	Әдістемелік қызмет көрсету қалпына келтіріледі. Оқытудың қатаң регламенттелген жүйесін бас тарту байқалып, оқытудың жаңа технологияларын пайдалану жолға қойылады. Топтарды компьютермен қамтамасыз ету және интернет жүйесіне қосу.	Білім беру мазмұнын, оның деңгей мен сапасын, бірыңғай білім беру кеңестігін сақтауда топтағы бала санының толымдылығының нормадан артықтығының әсер етуі.

### Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

1. Балалардың жан-жақты дамуына барлық жағдайлар жасалады.
2. Білім беру мазмұны мен технологиясына жаңа инновациялық бағыттар енгізіліп, қазіргі заманғы талаптарға сәйкес жүйе құрылу.
3. Балабақшада пәндік-дамытушы орта ұйымдастырылады.
4. Педагогтардың кәсіби шеберліктері шыңдалып, біліктілік санаттары жоғарлату және іс-тәжірибесін ғылыми-әдістемелік басылымдарға жариялау.
5. Балабақша түлектері арнаулы лицей, гимназия, жалпы білім беретін орта мектептердің гимназия сыныптарына түсуіне сапалы, бағытты білім беру арқылы мүмкіншіліктер жасау.
6. Балабақшаның материалды-техникалық базасы нығайтылып, СЭС нормаларына сәйкестендіру.
7. Серіктестік пен ынтамақтастықтың негізінде отбасы мен балабақшаның арасында білім беру кеңестігін қамтамасыз ету.



**«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы аясында  
балабақшада ұйымдастырылатын іс-шаралардың жоспары**

**Мақсаты:** ұлттық бірегейлікті сақтап, ел ішінде бейбітшілік пен келісім үйлесе отырып, ұлттық береке, бірлік салтанат құрған кезде бәсекеге қабілетті, табысты ел болуға уйрету

**"Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жоба**

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолжетімділігін және сапасын қамтамасыз ету
2. Оқыту үшін қолайлы орта жасау
3. 3 жас пен 6 жас тәрбиеленушілерді балабақшамен қамтамасыз ету
4. Білім беру сапасын арттыру

**Міндеттері:** Балаларды сапалы мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету